

"Балалар үйінің қызметін ұйымдастыру ережесі мен Балалар үйіне балаларды қабылдау және одан шығару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 6 маусымдағы N 228 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2007 жылғы 10 қаңтардағы N 8 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 19 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4522 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 206 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.04.2014 № 206 бұйрығымен.

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 100-бабына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Балалар үйінің қызметін ұйымдастыру ережесі мен Балалар үйіне балаларды қабылдау және одан шығару ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1221 тіркелген, 2000 жылы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдер бюллетенінде N 10 жарияланған, 274-құжат) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 6 маусымдағы N 228 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа N 2 қосымшада:

Балалар үйіне балаларды қабылдау және одан шығару ережесінде:

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жергілікті атқарушы органның (қамқорлық және қорғаншылық органы) Балалар үйіне баланы жіберу туралы шешімі;».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаментінің директоры (Акрачкова Д.В.) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге және кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Т.Омаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК